

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 10 қаңтар N 21. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.29. N 1125 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті туралы ереже;

2) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің қарауындағы ұйымдардың тізбесі бекітілсін.

2. Қосымшаға сәйкес мемлекеттік мекемелер оларды аумақтық көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдары - мемлекеттік мекемелеріне және көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманы жүзеге асыратын орталықтар - мемлекеттік мекемелеріне бөлу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі бір ай мерзімде осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 16 қарашадағы N 1465 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің қарауындағы ұйымдар тізбесінде: реттік нөмірлері 1, 5, 20, 25-жолдар алынып тасталсын.

5. Осы қаулы 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 10 қаңтардағы

N 21 қаулысымен

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің
Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық
қадағалау комитеті туралы
ереже**

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің құзыреті шегінде бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ халықтың санитарлық-эпидемиологиялық әл-аухатын қамтамасыз ету саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының ведомствосы болып табылады.

2. Комитеттің мынадай аумақтық көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдары бар:

Көліктегі орталық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы;
Аймақтық темір жол көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармалары мен әуе көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармалары;

Бөлімшелік темір жол көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармалары.

3. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің кесімдеріне, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Комитет өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында міндетті күші бар бұйрықтарды шығарады.

5. Комитетті, аумақтық көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарын қаржыландыру тек республикалық бюджеттен ғана жүзеге асырылады.

6. Комитет заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрлері, мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері бар.

Комитет өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі.

Комитеттің, егер ол заңнамаға сәйкес осыған уәкілетті болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар.

7. Комитетке өзінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындауға кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Комитетке заңнамалық кесімдермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілген болса, онда мұндай қызметтен алынған кіріс республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

8. Комитеттің заңды мекен-жайы:

473000, Астана қаласы, Мәскеу көшесі, 66.

9. Комитеттің толық атауы - "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті" мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

2. Комитеттің міндеттері, құқықтары мен функциялары

11. Комитеттің негізгі міндеттері:

1) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық әл-аухатын қамтамасыз ету саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізу;

2) санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды зерделеу, халықты санитарлық-эпидемиологиялық қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және олардың орындалуын бақылау болып табылады.

12. Комитет Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асырады;

2) Қазақстан Республикасының аумағын жұқпалы, паразиттік аурулардың әкелінуінен және таралуынан санитарлық сақтау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады;

3) өз құзыреті шегінде жұқпалы, паразиттік аурулар кезінде санитарлық-індетке қарсы (алдын алу) іс-шаралар кешенін ұйымдастырады және жүзеге асырады;

4) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық әл-аухатын қамтамасыз ету жөніндегі ұсыныстарды мемлекеттік органдардың қарауына енгізеді;

5) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық әл-аухатын қамтамасыз ету саласындағы бағдарламаларды әзірлеуге қатысады;

6) гигиеналық оқуларды ұйымдастырады және салауатты өмір салтын насихаттауға қатысады;

7) гигиеналық және эпидемиологиялық бейіндегі ұйымдардың, ғылыми-зерттеу институттар мен орталықтардың қызметін үйлестіреді;

8) халықты жұқпалы ауруларға қарсы алдын алу егулерді ұйымдастыруға және жүргізуге бақылауды жүзеге асырады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

13. Негізгі міндеттерді іске асыру және өзінің функцияларын жүзеге асыру мақсатында Комитет өз құзыретінің шегінде заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) оның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша нормативтік құқықтық кесімдерді шығаруға;

2) Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар мен халықаралық симпозиумдар өткізуге;

3) мемлекеттік басқару органдарынан, азаматтар мен ұйымдардан халықтың

санитарлық-эпидемиологиялық әл-аухатын қамтамасыз ету мәселелері бойынша
а қ п а р а т с ұ р а у ғ а ;

4) мемлекеттік шекараны карантиндік, аса қауіпті және басқа да жұқпалы аурулардың әкелінуінен және таралуынан санитарлық сақтау жөніндегі бақылау функцияларын жүзеге асыруға;

5) жұқпалы және паразиттік аурулардың көзі болып табылатын адамдарды жұмыстан уақытша босатуды ұсынуға;

6) санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауға жататын жекелеген объектілерде шектеу іс-шараларын (карантин) белгілеуге;

7) халыққа міндетті түрде вакцинация жасауды, үй-жайларда, аумақтарда және жұқпалы және паразиттік аурулардың ошақтарында алдын алу және ошақтық дезинфекцияны, дезинсекция мен дератизацияны жүргізуді талап етуге;

8) санитарлық ережелердің бұзылуын жойғанға дейін өнеркәсіптің, көліктің, ауыл шаруашылығының, байланыстың жұмыс істеп тұрған өндірістік объектілерін, жекелеген жұмыс түрлерін, технологиялық процестерді, жабдықтарды, құрал-саймандарды, гидротехникалық құрылыстарды, қоғамдық тамақтану кәсіпорындарын, сауда және өзге де құрылыстарды, мектептерді, балалар мен емдеу-алдын алу мекемелерін, санаторийлерді, мәдени-тұрмыстық мақсаттағы ғимараттар мен басқа да объектілерді пайдалануға, қалалық және ауылдық елді мекендердің құрылысы жөніндегі жекелеген жұмыс түрлерін жүргізуге тыйым салуға немесе тоқтата тұруға;

9) адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіпті деп танылған жағдайда заңнамада белгіленген тәртіппен шикізаттың жаңа түрлерін, технологиялық жабдықтарды, процестерді, құрал-саймандарды, азық-түлік шикізаты мен тамақ өнімдерін, өнеркәсіп бұйымдарын, құрылыс материалдарын, азық-түлік шикізатымен, тамақ өнімдерімен және ауыз сумен жанасатын иондандырушы сәулелену көздерін, биологиялық және дәрі-дәрмек құралдары мен препараттарды, ыдыстарды, орамаларды, пластикалық, полимерлік және басқа да материалдарды, олардан жасалған бұйымдарды, кеңінен тұтынатын басқа да тауарларды өндіруге, қолдануға, сатуға тыйым салуға;

10) белгіленген тәртіппен тіркелмеген химиялық заттарды, иондандырушы сәулелену көздерін, медициналық және биологиялық препараттарды өндіруге, пайдалану мен қолдануға тыйым салуға;

11) адам денсаулығына зиянды әсері анықталған жағдайда тағам өнімдерін өндіру және өңдеу кезінде шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауда материалдар мен реагенттерді қолдануға, сондай-ақ ауылшаруашылық өсімдіктер мен жануарларын өсіру стимуляторларын, парфюмерлік-косметикалық өнімдерді қолдануға тыйым салуға;

12) қолдануға жарамсыз деп танылған жағдайда ауыз су мен шаруашылық сумен жабдықтау үшін суды, азық-түлік шикізаты мен тамақ өнімдерін пайдалануға тыйым салуға;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімшілік жаза қолдануға;

14) жеке және заңды тұлғалар санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің заңды талаптарын орындамаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және негізде сотқа шағымдануға;

15) халықтың жекелеген топтарына эпидемиологиялық көрсеткіштер мен санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды реттеу жөніндегі санитарлық-эпидемиологиялық іс-шараларды, алдын алу егулерді жүргізу туралы ұсыныстар енгізуге;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

3. Комитеттің мүлкі

14. Комитеттің жедел басқару құқығындағы оқшауланған мүлкі болады. Комитеттің мүлкі оған мемлекет берген мүлік есебінен қалыптасады және негізгі қорлар мен айналым қаражатынан, сондай-ақ өзге де мүліктен тұрады.

15. Комитетке бекітіліп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

16. Комитеттің өзіне бекітіліп берілген мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзге де тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

Комитетке заңнамада белгіленген жағдайлар мен шектерде мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

4. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

17. Комитетті Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

18. Комитет төрағасының Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі қызметке тағайындайтын және қызметінен босататын бір орынбасары болады.

19. Комитеттің төрағасы Комитеттің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды және Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы және оның өз функцияларын жүзеге асыру үшін жеке жауап береді.

20. Осы мақсаттарда Комитеттің төрағасы:

1) өзінің орынбасары мен Комитет бөлімшелері басшыларының міндеттерін, өкілеттіліктері мен жауапкершілігін анықтайды;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен қызметтер номенклатурасына сәйкес Комитеттің орталық аппаратының қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасының функцияларын орындаумен Ақмола аймақтық темір жол көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы төменде көрсетілген аумақтық бөлімшелерімен бірге: < * >

Қостанай бөлімшелік темір жол көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы;

Қарағанды бөлімшелік темір жол көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы;

Павлодар бөлімшелік темір жол көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы;

Жаңаарқа бөлімшелік темір жол көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы;

Көкшетау бөлімшелік темір жол көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы;

Атбасар бөлімшелік темір жол көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы;

3) Ақтөбе бөлімшелік темір жол көлігіндегі орталық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасының функцияларын орындаумен Батыс аймақтық темір жол көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы төменде көрсетілген аумақтық бөлімшелерімен бірге: < * >

Атырау бөлімшелік темір жол көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы;

Орал бөлімшелік темір жол көлігіндегі санитарлық-эпидемиолог қадағалау басқармасы;

Қызылорда бөлімшелік темір жол көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы;

Маңғыстау бөлімшелік темір жол көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы;

4) Оңтүстік-Шығыс аймақтық әуе көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы; < * >

5) Солтүстік-Батыс аймақтық әуе көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы. <*>

Мемлекеттік мекемелер

2. "Қазақ республикалық санитарлық-эпидемиологиялық станциясы" мемлекеттік мекемесі.

3. Санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманы жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер:

1) Алматы аймақтық көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығы төменде көрсетілген аумақтық бөлімшелерімен бірге:

Шымкент бөлімшелік темір жол көлігіндегі санитарлық- эпидемиологиялық с а р а п т а м а о р т а л ы ғ ы ;

Жамбыл бөлімшелік темір жол көлігіндегі санитарлық- эпидемиологиялық с а р а п т а м а о р т а л ы ғ ы ;

Семей бөлімшелік темір жол көлігіндегі санитарлық- эпидемиологиялық с а р а п т а м а о р т а л ы ғ ы ;

Защита бөлімшелік темір жол көлігіндегі санитарлық- эпидемиологиялық с а р а п т а м а о р т а л ы ғ ы ;

2) Ақмола аймақтық темір жол көлігіндегі санитарлық- эпидемиологиялық сараптама орталығы төменде көрсетілген аумақтық бөлімшелерімен бірге:

Қостанай бөлімшелік темір жол көлігіндегі санитарлық- эпидемиологиялық с а р а п т а м а о р т а л ы ғ ы ;

Қарағанды бөлімшелік темір жол көлігіндегі санитарлық- эпидемиологиялық с а р а п т а м а о р т а л ы ғ ы ;

Павлодар бөлімшелік темір жол көлігіндегі санитарлық- эпидемиологиялық с а р а п т а м а о р т а л ы ғ ы ;

Жаңа Арқа бөлімшелік темір жол көлігіндегі санитарлық- эпидемиологиялық с а р а п т а м а о р т а л ы ғ ы ;

Көкшетау бөлімшелік темір жол көлігіндегі санитарлық- эпидемиологиялық с а р а п т а м а о р т а л ы ғ ы ;

*Ескерту. 11-1, 11-2-жолдармен толықтырылды - ҚР Үкіметінің
2002.03.28. N 366 қаулысымен.*

Ескерту. Тізбе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.12.09. N 1293 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 10 қаңтардағы

N 21 қаулысымен

бекітілген

**Бөлу нысанында қайта ұйымдастырылуға жататын
мемлекеттік мекемелердің**

тізбесі

1. Ақмола аймақтық көліктегі мемсанэпидқадағалау орталығы;
2. Батыс аймақтық көліктегі мемсанэпидқадағалау орталығы;
3. Қазақстан Республикасының әуе көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық
с т а н ц и я с ы ;
4. Қазақстан Республикасының көліктегі орталық
санитарлық-эпидемиологиялық станциясы.